

3.Рымжанов Т. Гүл ағашы. –Алматы, 1999.

4.Қондызақова М. Таласбек Әсемқұлов: Мен Толстойды ұлы жазушы деп есептемеймін (сұхбат). – «Әдебиеттің әңгімесі», 2012.

## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА НАРРАТОРДЫҢ КӨРІНУІ

*Такиров С.У., ф.ғ.к., доцент,  
Рышкен Ә.Б., студент,  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Көркем мәтін, көркем шығарма - әдебиеттану ғылымының негізгі зерттеу объектісі. Қазіргі таңда әдебиеттану ғылымының зерттеу тұғырынан түспей жүрген күрделі мәселелер, олар жайлы айтылып жүрген соны ойлар, зерттеушілеріміздің гипотезалары, субъективті пікірлерінің барлығы «көркем мәтін» ұғымынан келіп туындап жатыр.

Көркем мәтіннің құрылысы өте күрделі, сонымен қоса атқаратын қызметі де сол деңгейде. Зерттеуге алынып отырған тақырыбымыз да көркем мәтіннен алшақ жатқан жоқ, тамырлас. Көркем мәтін дегенімізді көп қабатты үй деп алайық. Сол көп қабатты үйдің бірінші қабатына көтерілсек, алдымыздан көркем мәтінде негізгі рөлді кім атқарады? көркем мәтінді оқырманға жеткізуші кім? дейтін сұрақтар шығады. Нәтижесінде осы мәселе қазіргі әдебиеттану ғылымына «нарратология» ұғымын алып келді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында нарратология жеке пән етіп оқытылмайды. Оның себебі де белгілі: әдебиеттану ғылымының кенжесі, енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан саласы. Алайда нарратологияның зерттелу бастамасы тәуір нәтижелер көрсетуде. Әдебиеттануда «баяншы», яғни әңгімені оқырманға жеткізуші деген ұғымда қолданыста жүр.

Біз нарратологияның зерттелу тарихына келгенде бұл зерттеудің бастамасын шет ел ғалымдарынан аламыз, сол зерттеушілердің іргелі еңбектеріне сүйенеміз. Олай болуы да заңды шығар. Өйткені өз уақытында Ахмет Байтұрсынов жасап берген Еуропалық қалыптың (форма) күні бүгінге дейін өз қалпын жоғалтпауында деп түсінемін. Шет елдердің өздеріне лайықтап алып жасап отырған жүйесін келіп ұлттық әдебиетімізге келсе де, келмесе де енгізуге әрекет жасаймыз. Неге нарратологияның бастауларын өзіміздің зерттеушілерден іздемеске?! Осыған байланысты Н.Кенжеғараевтың «Абайдың «айтушы» дегені кім?» атты мақаласы бар. Бұған қатысты әлі де зерттеу керек мәселелер туындап жатыр.

Негізінде, Еуропоцентристік көзқарас қазақ ғылымының дамуына әбден бұғау салып тастаған. Барлық мәдениет, өркениет, ғылым, жаңалық бастаулары сол елдерде жатыр деп бас шұлғи береміз. Әлем ғылымдарында «нарратология» термині 1960 жылдары қалыптаса бастаса, қазақ әдебиеттану ғылымында, оның ішінде Абай поэзиясында «нарратордың» синонимі «айтушы» ұғымы 1900 жылдардың өзінде-ақ қолданыла бастаған.

«Айтушы мен тыңдаушы көбі надан

Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы».[1]

Абай айтып өткен «айтушы» түсінігі бүгінгі «нарратор» ұғымының барлық қырын ашып көрсетіп бермесе де, бастамасы осында жатыр емес пе? Абай бұл өлеңнің авторы бола тұрып, «айтушы» деп жеке алып жазады. «Мен айтып отырмын» деп тұрғаны жоқ. Яғни, мейлі поэзия болсын, мейлі проза болсын, жалпы көркем шығарманы айтушы, жеткізуші бар дегенді меңзеп отыр емес пе?! Алдағы уақытта Абайдың «айтушы» дегені кім еді? Оның көркем мәтінді оқырманға жеткізуде қатысы бар ма? деген сұрақтар бізді мазалауға тиісті.

Нарратор ұғымын тереңірек түсінгіміз келсе, оның автордан айырмашылығын анықтап алуымыз керек. Автор – ол нарратор емес. Автор біреу ғана болуы мүмкін, ал нарратор бірнеше. Мысалы, Роза Мұқанованың мынадай әңгімелерін алып қарайық: «Өзің», «Тұл», «Моностырь», т.б. Осы көркем шығармалардың авторы – Роза Мұқанова, ал нарраторше? Нарратор емес, нарраторлар дегеніміз дұрысырақ. Себебі: шығармалардың авторы біреу болғанымен, әр шығарманы бізге жеткізетін нарратор саны да шығарма санына тәуелді. Яғни, осы шығармалардағы нарраторлар дегеніміз - жазушы Роза Мұқанованың «қолдан жасаған адамдары». Алайда мән беріп қарайтын үлкен жайт – нарратор автор қолынан шықса да, маңыздылығы мен атқаратын функциясы жағынан

автордан да жоғары тұратындығы. Әдеби шығарманың иесі нарраторға жалған қызмет (жалған дегенім: көркем шығарма авторға тән дүние) тізгінін ұстатады. Алайда шығарма соңында нарратор сол жалған қызметті шындыққа айналдырады. Әрине ол нарратордың шеберлігіне байланысты болмақ.

Көркем шығармадағы негізгі функцияны атқарушы нарраторға жүктелген міндет ауыр. Оны мынадан байқаймыз:

1. кейіпкерге, оқиғаға белгілі бір көзқарасы.
2. баяндалып отырған оқиғаның тәртібі, оның характері
3. өтіп жатқан оқиға жайында өзіндік ой топшылауы
4. оқиғаны жеткізудің характері. [2, 216]

Көңіл аударарлық тағы бір мәселе бар. Ол оқиғаның тұтастығымен немесе оқиғаның жартылай аяқталуымен тығыз байланысты. Мысалы, көркем шығарманы тұтас алып қарағанда әңгімені талдау романды талдауға қарағанда жеңілрек. Себебі романның әр тарауының өзі бір әңгіменің көлеміндей. Әңгімеде болып жатқан оқиғаны, тартысты бір нарратор жеткізеді. Ал романда бұл қалай көрініс табады? Романның әр тарауында әр түрлі оқиға мен әр түрлі тартыс өрбиді. Бір тарауда болған оқиға екінші бір тарауға мүлде қатысы жоқ болуы мүмкін. Сондықтан нарратор да әр тарауда әр түрлі көрінеді. Яғни бір көркем шығарманың ішінде бірнеше нарратор болуы әбден мүмкін. Бұл жоғарыда айтып өткен пікірден мүлде бөлек. Жоғарыда біз бір автордың қолынан бірнеше нарратор дүниеге келеді дедік. Бірақ бұл әр шығармада бір ғана нарратор болады деген сөз. Ал бір әдеби шығарманың ішінде бірнеше нарратор болады деген мәселеге енді келіп жеттік. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында әр тараудағы оқиғалар қызу да, тартысты өтеді. Абайдың оқудан қайтқаны, Қодар мен Қамқа мәселесі, т.б оқиғалар сол тарауда қарастырылғанымен, бұл мәселе келесі тарауда үлкен қажеттілік тудырмайды, оқырманның назарын одан да маңызды оқиғаларға аударып жібереді, бірақ сол оқиғалардың іздері көмескі көрініп отыратыны да бар. Көркем шығарма соңында әр тараудың нарраторлары өз жұмысын тәмамдап отырады. Алайда әр тараудың нарраторларын бір-бірімен байланыстырып тұрушы бар, ол - кейіпкер, мысал бойынша ол - Абай.

Сонымен мәтін – автор - нарратор – кейіпкер дейтін тізбектелген жүйе құралады. Алайда баса назар аударғаны – нарратор. Осы тұста итальян жазушысының алғашқы профессорлық романының авторы Умберто Эко да нарратологияның зерттелу аймағынан алысқа кетпегеніне көзіміз жетеді. Умберто Эко «айтушы кім?» деген сұрақ төңірегінде нарратологияның жүйесіне енуге сәтті қадамдар жасаған. Бұл жайындағы пікірін әлі күнге дейін баяу әрі енжар зерттеліп келе жатқан кейбір проблемалар әдебиет теориясында бар екендігінен бастайды. Айтып отырған мәселесі – автор сөз тізгінін өзге адамға ұстатуы.

Барлығы (автор) бәрімен (нарратор, мәтін) келісімді түрде іске асуы қажет. У.Эко «Имя розы» атты профессорлық романы арқылы нарратология жүйесіне талдау жасап көрген. Көркем шығарманы оқырманға жеткізгеннен гөрі, автор үшін көркем шығарма жазу оңай. Себебі барлық диалогтерді Адсон арқылы жеткізген, және де көркем шығармадағы айтайын деген ой, пікірлердің барлығы автор көзімен емес, Адсонның көзқарасымен, Адсонның көзімен берілген.

Автор негізгі қызметті наррторға бермеген күннің өзінде, егер көркем шығарманы өзі автор бола тұрып баяндаса, көркем шығарманы өз дауысымен емес, «бөтен» дауыспен айтып отырғанын бірден түсінеді, сезінеді, түйсінеді. Себебі әдеби шығарманы жеткізу, баяндау, айту – авторға тән қызмет емес. Осы көркем шығармада бұл бөтен дауыс (Адсон) екі нарративті аумақтан өтеді: біріншісі –Мабийонның әңгімелерінен, екіншісі – аббат Валленің әңгімелерінен. Мейлі, барлық шығармадан мұндай екі нарративті аумақты табу қиын делік. Соның өзінде жалғыз Адсонның өзінің міндеті жай шаруа емес қой. Сексен жастағы Адсон өзінің он сегіз жасындағы өмірінде өткендерін айтып өтеді. Сонда бұл жердегі нарратор кім? Сексен жастағы Адсон ба? Әлде он сегіз жастағы Адсон ба? Бұл екеуі де бірден бола алады, тек бір уақытта емес. Ол өзінің жас кезіндегі қалпымен айналасын көреді, ол жайында ойланады, естиді, алайда ол қартайған кезіндегі тұлғада өмір сүреді. [3, 149]

Көркем шығарманы жасаушы автор, ол бірақ шығарманың ішкі әлеміне өте алмайды, шығармадағы баяндаушы жолына түсіп те әдеби шығармаға ене алмайды. Себебі шығарма басталған сәттен бастап нарратор өз жолына түсіп, өз қызметін бастап та кетеді. Мейлі шығарма автор стиліне байланысты оқиғаның шешімінен басталса да, шиленісуінен басталса да нарратор өз жұмысын толық орындайды. Яғни нарраторәдеби шығарманың ішкі бөлігінде өмір сүретін болады.

Нарратордың қызметінің күрделілігі сол – шығарманың басталуынан соңына дейін оқырманмен де, кейіпкермен де, тартыспен де байланысын үзбейді. Баяншының көркем шығармада өмір сүруі баянды болатынына сенімдімін. Іргелі зерттеулерді қажет ететін дүниелер өте көп. Бұл шағын зерттеу, гипотезалар соның бір бөлігі ғана.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Есембеков Т. Әдеби талдауға кіріспе. – Алматы, 1991
- 2.Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде: Материалы VII Международной научной конференции молодых ученых. - Алматы:Издательство «Ұлағат» КазНПУ им.Абая, 2015. – 464 с.
- 3.Мировое литературоведение: - Алматы: КазАкпарат, 2009. – 271 с.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН ЖАПОН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҮНДЕСТІК

*Такиров С.У., ф.ғ.к., доцент,  
Қайырбекова А., студент  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Құм – жұмбағы көп әлем. Қай халық болсын құмға жақын болса, әдебиетінде де ол көрініс табатыны даусыз. Қазақ халқы Сарыарқаның сары даласында еркін көшіп-қонып, Қызылқұмда, Қаракұмда мал жайып, мекен еткені рас. Осыған байланысты болар, халық аузында құмға байланысты атаулар сақталып қалған. Мысалға: жылжымалы құм, сырғымалы құм, сусымалы құм. Ал жапон халқы да «құм құрсауындағы» елді-мекендерде мекен ететіні де белгілі. Яғни бұл халықта «құмның мінезімен» таныс екеніне шүбәміз жоқ.

Құмдардың пайда болуына қарай көлдік, теңіздік, желдік, сулық-мұздық, элювийлік, делювийлік деп бөлінетінін біреу білсе, екіншісі білмей жатады [1]. Оның үнемі қозғалыс үстінде болатыны, белгілі динамикаға ие екені де белгілі. Құмға қатысты қазіргі кезде «құм философиясы», «құм терапиясы» сияқты ұғымдар кездеседі. Ары қарай «Құм философиясы» тақырыбынтілге тиек етпекпіз.

Қазақ халқының Оралхан Бөкей сынды біртуар жазушысы «құмның мінезін» сипаттап, тамаша туындыны оқырманға тарту етті. Оралхан Бөкей сомдаған сырлы әлем – кемелсана иесіне ғана сыры танылатын терең философиялық ойлар мен ғажайып сұлу сөздердің әлемі. Жазушының шығармалары жарық көрген сәтінен-ақ оқырмандар қауымы мен әдебиеттанушылардың қызығушылығын тудырып келеді. Ол өткен ғасырдың 60-жылдары әдебиетке келген қазақ жазушыларының ішінде табиғаты өзгеше, шығармашылығы ешкімге ұқсамайтын айрықша талантты суреткер. Ә.Кекілбаевтің сөзімен айтсақ, ол «...жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүйікті, ең сүлей суреткерлерінің бірі ретінде әлемдік танымалдыққа ие болды. Алыс-жақын елдерде аты «қазақ» деген сөзбен қабаттаса айтылатын азғантай тұлғалардың біріне айналды. Оралхан азғантай ғұмырында сондай асқарлы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерді» [2,1].

Оралхан Бөкей шығармаларының тақырыбы әр алуан, баяндалатын оқиғалардың алатын ауқымы кең. Бұл мақалада қаламгердің белгілі шығармаларының бірі «Құм мінезі» повесіндегі және Кобо Абэнің «Құм құрсауындағы әйел» романындағы «құм философиясына» тоқталып өтпекпіз.

Жазушылық тілі алуан қатпарлы Оралхан Бөкей туралы сыншы Ә.Меңдеке: «Оралхан Бөкей – қатпарлы, ұлтжанды, ұтқыр жазушы. Мұндай жазушыны толық ашу үшін органикалық сын қажет»-дейді [3,617].

Ал жазушы шығармаларындағы өзекті тақырып жайында академик С.Қирабаев: «Адамды ардақтау, оның ұлылығын жырлау, жалпы алғанда, Оралхан повестерінің негізгі тақырыбы десе де болады» [4,1] -деп қорытынды жасайды.

Жапондық жазушы Кобо Абэ де осал қаламгер емес. «Ол прозаик, драматург, режисер. Оның шығармаларының сұранысқа ие болуының себебі, ол әртүрлі рөлдерді тамаша ойнай алады. Кобо Абэ өзінің шығармаларына ғаламдық проблемаларды өзек етіп алады. Оның романдарының басты идеясы - адамның өзіне қас дүниемен кездестіріп, одан қашу амалын іздеуі» [5, 1].

Кобо Абэ 1961 жылы жарық көрген «Құм құрсауындағы әйел» романы үшін «Йомури» газетінің сыйлығын иемденеді. Бұл романда адам мен қоғам қақтығысын сипаттай отырып, адамның